



Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ



Атырау университеті Халел Досмұхамедов атындағы университет Тұрақты даму мақсатының 1-мақсаты – «Кедейлікті жою» бағытын қолдайды және білім беруді өмір сүру сапасын арттырудың, әлеуметтік ұтқырлықты қамтамасыз етудің және жастардың мүмкіндіктерін кеңейтудің ең тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырады.

Университет сапалы білімге, кәсіби даярлыққа және жұмыспен қамтылуға қолжетімділік әлеуметтік теңсіздікті еңсеруге және кедейлік қаупін азайтуға ықпал ететінін мойындайды. Осыған байланысты әлеуметтік жағдайына қарамастан, дарынды әрі ынталы студенттердің өз әлеуетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше назар аударады.

Университеттің қызметі білім беру гранттары, стипендиялар, академиялық қолдау бағдарламалары және студенттердің әлеуетін дамыту арқылы жоғары білімге қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған. Тұрақты даму мақсатының 1-мақсатына қол жеткізуге университеттің маңызды үлесі ретінде зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздарына ректор гранттарын, халықаралық стипендияларды ұсыну, сондай-ақ білім алушылардың мемлекеттік және халықаралық білімді қолдау бағдарламаларына қатысуы табылады.



«Ұстаз» мектебі



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Тұрақты даму мақсатының 1-мақсаты – «Кедейлікті жою» аясында жүзеге асырып отырған ең маңызды жобаларының бірі – «Ұстаз» мектебі. Бұл мектеп 2021–2022 оқу жылында ашылып, ауыл жастарын қолдауға және халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін білім алуда тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

2021–2025 жылдар аралығында мектепте Атырау облысының жеті ауданынан келген 250-ге жуық оқушы білім алды. Білім алушылардың басым бөлігін жетім балалар, толық емес отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар құрады. Жобаның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында университет аудандық әкімдіктермен, білім беру бөлімдерімен және әлеуметтік қорғау мекемелерімен тығыз ынтымақтастық орнатты.

Оқушыларға көрсетілетін кешенді әлеуметтік қолдау жүйесі ерекше маңызға ие. Барлық білім алушылар жатақханамен тегін қамтамасыз етіледі, күніне бес мезгіл тегін тамақпен қамтылады, тазартылған ауыз суға қол жеткізеді және Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) тегін дайындық курстарынан өтеді. Соның нәтижесінде отбасылардың қаржылық жүктемесі едәуір азайып, оқушылардың тұрғылықты жері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасалады.


Бұл жоба білімге қолжетімділікті арттырып қана қоймай, адам капиталын дамыту арқылы кедейлік қаупін ұзақ мерзімді төмендетуге де ықпал етеді. Мектеп түлектерінің көпшілігі Қазақстанның және шетелдердің жоғары оқу орындарына сәтті түсіп, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысады және оқу барысында жоғары нәтижелер көрсетеді. Түлектердің елеулі бөлігі педагогикалық мамандықтарды таңдап, кейін өңір мектептеріне жұмысқа оралып, ауылдық аумақтардың дамуына өз үлестерін қосуда.

«Ұстаз» мектебі әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық ұйымдардың және Қамқоршылық кеңестің қолдауымен жүзеге асырылуда. Ынтымақтастық аясында мектепте медициналық кабинет жабдықталып, олимпиадалар мен түрлі конкурстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізген оқушыларға көтермелеу сыйақылары тағайындалды.



«ASUMIT» қайырымдылық клубы

«ASUmit» қайырымдылық клубы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттерінің қайырымдылық бірлестігі. Клубтың қызметі халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсетуге бағытталған. Клуб мүшелері қарт адамдарға, жетім балаларға, аз қамтылған отбасыларға және қамқорлық пен қолдауды қажет ететін өзге де азаматтарға көмек көрсетеді. Клуб волонтерлік қозғалысты белсенді түрде дамытып, қайырымдылық акцияларын ұйымдастырады және студенттер арасында гуманизм, өзара көмек көрсету және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы арқылы Тұрақты даму мақсатының 1-мақсаты – «Кедейлікті жою» бағытын іске асыруға өз үлесін қосып келеді.





Білім беру мүмкіндіктері және дарынды жастарды қолдау

Университет қаржылық және академиялық қолдаудың түрлі тетіктері арқылы білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Осындай бастамалардың қатарында республикалық олимпиадалар жеңімпаздарына арналған ректорлық білім гранттары, халықаралық атаулы стипендиялар және академиялық ұтқырлық бағдарламалары бар.

Гейдар Әлиев атындағы халықаралық стипендияны тағайындау және «Алтын түлек» олимпиадасының жеңімпаздарына ректорлық гранттар беру – дарынды жастарды қолдаудың және жоғары білімнің қолжетімділігін арттырудың нақты мысалдары болып табылады.

ТДМ 1-мақсатына қол жеткізу жолындағы алдағы қадамдар

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім беруді кедейлікті еңсерудің және жастардың әлеуметтік ұтқырлығын арттырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырады. Университет ауылдық жерлердегі жастар мен халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын білім алушылардың сапалы білімге қолжетімділігін кеңейту бағытындағы жұмысын жалғастырады.

Дамудың басым бағыттары:

- «Ұстаз» мектебінің қызметін кеңейту және ауыл жастарын қамту аясын ұлғайту;
- білім беру гранттары мен стипендиялық қолдау бағдарламаларын дамыту;
- мемлекеттік органдармен, әлеуметтік серіктестермен және қайырымдылық ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту;
- «ASUmit» қайырымдылық клубының волонтерлік және қайырымдылық бастамаларын дамыту;
- түлектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Университеттің Тұрақты даму мақсатының 1-мақсаты – «Кедейлікті жою» бағытына қосып отырған үлесі кешенді сипатқа ие және әрбір білім алушының әлеуметтік жағдайына қарамастан тең мүмкіндіктерге ие болуына бағытталған. Іске асырылып жатқан білім беру және әлеуметтік жобалар жастардың өмір сүру сапасын арттыруға, адами капиталды дамытуға, сондай-ақ неғұрлым әділетті әрі орнықты қоғам қалыптастыруға ықпал етеді.

